

«АЛТЫН ОРДА ЖАЗБА ЕСКЕРТКІШТЕРІ – ҰЛТ РУХАНИЯТЫНЫҢ НЕГІЗІ»



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРАЛІГІ
М. ӘУЕЗОВ АТЫНДАҒЫ ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН УНИВЕРСИТЕТІ

ФИЛОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІ

Қыпшақтанушы, филология ғылымдарының докторы, доцент
БОРАНБАЕВ САНДЫБАЙ РЕЖЕПҰЛЫНЫҢ
60 жылдық мерейтойына арналған


«АЛТЫН ОРДА ЖАЗБА ЕСКЕРТКІШТЕРІ – ҰЛТ РУХАНИЯТЫНЫҢ НЕГІЗІ»

атты халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының
МАТЕРИАЛДАРЫ

29 қазан 2020 жыл



ҚАЗАҚ
УНИВЕРСИТЕТІ
БАСПА ҮЙІ



Қыпшақтанушы, филология ғылымдарының докторы, доцент
Боранбаев Сандыбай Режепұлының
60 жылдық мерейтойына арналған
**«АЛТЫН ОРДА ЖАЗБА ЕСКЕРТКІШТЕРІ –
ҰЛТ РУХАНИЯТЫНЫҢ НЕГІЗІ»** атты
халықаралық ғылыми-практикалық конференция
МАТЕРИАЛДАРЫ

29 қазан 2020 жыл

ӘОЖ [8+94+1+37](082)

Жауапты редактор
филология ғылымдарының докторы, доцент *Б.К. Елікбаев*

«**Алтын** Орда жазба ескерткіштері – ұлт руханиятының негізі» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары / жауапты ред. Б.К. Елікбаев. – Алматы: Қазақ университеті, 2020. – 356 б.
ISBN 978-601-04-4980-0

Жинақ қыпшақтанушы, филология ғылымдарының докторы, доцент Боранбаев Сандыбай Режепұлының 60 жылдық мерейтойына арналған. Жинаққа қыпшақтану, филология, тарих, түркітану, педагогика, психология ғылымдарының мәселелеріне арналған отандық және шетелдік ғалымдардың мақалалары енгізілді.

Мақалалар жинағы түркі халықтарының тілі мен әдебиетіне, тарихы мен мәдениетіне, педагогикасы мен психологиясына қызығушылық танытатын барлық оқырмандарға арналған.

ӘОЖ [8+94+1+37](082)

ISBN 978-601-04-4980-0

© М. Әуезов атындағы
Оңтүстік Қазақстан университеті, 2020



АЛҒЫ СӨЗ

Биылғы жылы Қазақстанда Әбу Насыр әл-Фарабидің 1150 жылдық және ақын Абай Құнанбайұлының 175 жылдық мерейтойлары, Алтын Орда мемлекетінің 750 жылдығы халықаралық деңгейде атап өтілуде. Осы айтулы мерекелік даталарға байланысты М.О. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінде де арнайы шаралар ұйымдастырылып, конференциялар өткізілгені мәлім.

Бүгінгі халықаралық ғылыми-тәжірибелік онлайн-конференциямыз университетімізде ұзақ жылдардан бері қызмет істеп, білімді ұрпақ тәрбиелеуге, түркітану мен қазақ тіл білімі тарихының зерттелуіне өзіндік үлес қосып келе жатқан ұлағатты ұстаз, ғалым, филология ғылымдарының докторы, Сандыбай Режепұлы Боранбаевтың 60 жасқа толу құрметіне орай «Алтын Орда жазба ескерткіштері – ұлт руханиятының негізі» атты келелі тақырыпқа арналып отыр.

Алтын Орда жазба ескерткіштері тек қазақ халқының ғана емес, бүкіл түбі бір түркі жұртының ортақ мұрасы болып есептеледі. Осы дәуірден жеткен баға жетпес құнды жазба ескерткіштер қазақ жазба әдебиетінің, қазақ тілінің қайнарлары ретінде танылады. Олай болса, еліміздің жоғары оқу орындарында білім алушы жастарды ұлттық рухта тәрбиелеуде бұл мұралардың орны да, мән-мағынасы да зор болмақ.

Бүгінгі жиынымызда талқыланатын ғылыми мәселелердің өзектілігіне байланысты еліміздің және Қырғызстан, Түркия, Өзбекстан елдерінің жоғары оқу орындары мен ғылыми мекемелері ғалымдарының қатысуы конференция ауқымын кеңейтіп отыр.

Конференция барысында шет ел ғалымдары мен еліміздің жоғары оқу орындарының озық ойлы ғалым-ұстаздарының ғылыми ізденістері мен зерттеу жұмыстарының нәтижелері талқыланып, еліміздің ғылыми әлеуетін көтеруде маңызды рөл атқарады деп санаймын!

Баршаңызға шығармашылық табыс, конференция жұмысына сәттілік тілеймін!

*Д.П. Қожамжарова,
М.О. Әуезов атындағы
Оңтүстік Қазақстан университетінің ректоры*

№1 секция **ОРТАҒАСЫР ЖАЗБА ЕСКЕРТКІШТЕРІ** **ЖӘНЕ ТІЛ БІЛІМІ**

*Жолдасбек Мәмбетов,
ф.ғ.к., доцент, Сүлеймен Демирел университеті
(Алматы, Қазақстан)*

*Мұхтар Ермекбаев,
п.ғ.к., доцент, М. Әуезов атындағы ОҚУ
(Шымкент, Қазақстан)*

ТІЛ ТАРИХЫН ТҮГЕНДЕГЕН ҒАЛЫМ

Кеңес дәуірінде оқыған ұрпақ өз халқымыздың өткенін, ұлтымыздың мәдениеті мен әдебиетінің, тілінің тарихын білмей өстік. Бірақ ежелгі Русь пен Рим империясының тарихын төртінші, бесінші сыныптан бастап оқытып, санамызға шегелеп тастаған еді. Ес біліп ер жете бастаған кезімізде біздің де өз тарихымызды тануға деген құштарлығымыз оянды, ата-бабаларымыздың кім болғанын, немен айналысқанын білуге деген ынтызарлық пайда болды. Басқа халықтың ата-бабалары тарих безбеніне өз үлестерін қосып жатқанда, біздің ата-бабамыз неге ештеңе бітірмеген деген сауал әрқайсымыздың санамыздың түкпірінде қоздап жататын. Бірақ ол уақытта оған жауап беретін ұстаздар да, оқып қанағаттанатын кітаптар да болған жоқ. Ата-аналарымыз ондай сұрақ қойсақ «Тұқымыңмен құрып кеткің келмесе, жайыңа жүр», – деп жекіп тастайтын. Сонау отыз жетіде талай асыл азаматтың атылып кеткенін үйдегі сыбыр-күбір әңгімелерден ғана ептеп еститінбіз. Бірақ соған қарамастан өткенімізді білсек, ата-баба тарихын армансыз бір ақтарсақ қой шіркін деген ой біздің көкірегімізде сарытап боп қатып жатар еді. Маң далада үйінді боп жатқан төбелер мен қорғандарға, жартастардағы айқұш-ұйқыш таңбаларға көзімізді сүзіп үміттеніп қарайтынбыз.

Режептің Сандыбайы да дәл сол кезеңдегі ұрпақтың өкілі болғандықтан коммунистік қоғамдағы осынау әділетсіздіктің жауабын таппай ойы сан-саққа бөлінетін. Ересек адамдардың оңашада айтатын әңгімелерін тындап, талай тарихи оқиғалар мен деректердің ашық айтыла бермейтініне де көзі жеткендей болды. Қазақтың көміліп жатқан мың өліп, мың тірілген тарихын ашсам, елге танытсам деген кеудеде арман пайда болды. Сол арманның жетегімен ата-бабаларының ізін жоқтаушы боп қалыптаса бастады.

Отбасындағы жеті перзентінің ішіндегі осы кіші ұлға ата-анасының да ықылас-пейілі ерекше ауып тұратын. Ойын мен шаруадан қолы босай қалса кітапқа шұқшытын ұлының болашағынан әсіресе анасы Алмаш үлкен үміт күтетін. Оның қазақ тарихына қызығып, ескі әңгімелерді есі кете тыңдайтынын байқап, білімге ұмтылса жаман болмас деп іштей жаратқаннан жәрдем тілейтін. Қайда барса да қолтығына кітап қыстырып келетін баласының кейбір қылығы өзгелерге оғаш көрінгенмен, анасына үйреншікті жағдай еді. Аяулы ана соның бәрін зердесімен ұғып, санасымен сезіп, қайтсем де осы баламды оқытармын деп сол уақытта-ақ бір шешімге келген болатын.

Жылдар зымырап өтіп жатты. Кешегі бала Сандыбай да мектепті тәп-тәуір бітіріп үлкен өмірдің табалдырығын аттады. Бір жылдай ата-анасына қолғанат болып жұмыс істеп, келесі жылы әскер қатарына шақырылды. Тағдырдың бұйрығы солай болған шығар бір кездері әкесі Режеп қанын төккен сонау Батыс Еуропадағы Германияға барып бір-ақ түсті. Ауылдан көп ұзап шыға қоймаған жігіт үшін ГДР сияқты шет елге бару ол кезде жердің шетіне кеткендей алыс болып елестейтін. Ауылын, туған жерін жиі есіне алатын. Әсіресе анасын, сол кісінің денсаулығын көбірек уайымдайтын. Түнде жатарда іштей «Алла анама ұзақ ғұмыр бере гөр» деп тілейтін. Неміс халқының өз тарихына, тіліне деген ерекше құрметі, әрбір мәдени, тарихи жәдігерді көздерінің қарашығындай сақтауы Сандыбайға үлкен ой салды. Ұлттың ұлылығы, бүтіндігі деген үлкен мәдениетпен, терең тарихпен астасып жататынына көзі жеткендей болды. Бала күнгі арман сол тұста-ақ нақты мақсатқа айнала бастады. Қазаққа, түркілерге, ғұндар мен сақтарға қатысты қандай мәлімет болсын құныға оқитын, газет, журнал, кітаптардан оқығандарын қиып алып қалтасына салып жүретін әдет тапты. Көп оқыған, көп көрген адамдармен әңгімелесуге әуестігі оялды. Жалғыз қалса қиялына ерік беретін, өткенді өзінше сараптайтын, алысты болжауға тырысатын.

Отан алдындағы екі жылдық міндетін аяқтап елге оралды. Сағынған ата-ана, бауырларымен қауышты. Туған жердің топырағына аунап мауқын басты. Бірақ кеудені кернеген бір арман оны ауылға тұрақтата алмады. Ол қалай да оқу керек екенін ұқты. Онда да ұлтының тілін, тарихын оқытатын оқу орнына түсу керек деген тоқтамға келді. Осы ойын бір күні шай үстінде ортаға салды. Әкесі ұзақ ойға шомды, үлкен ағалары не деп отырсың дегендей бетіне таңдана қарады, анасы бәрінің алдын орап:

– Талабыңнан айналайын, оқимын десең оқы, – деп орынан тұрып келесі бөлмеге кіріп кетті.

– Балам мынау сен әскерде жүргенде менің екі жыл бойы зейнетақымнан жинағаным еді. Сенің бала күніңнен-ақ арманың асқақ болатын, ер жігітсің ғой сол мұратыңа жет, өзіннен көп үміт күтуші едім қалқам, оқы, халқыңа қалаулы азамат бол! – деп алдына газетке ораулы аздаған ақшаны ысыра берді.

Бұл бір жағынан анасының өзіне деген мейірім-махаббаты болса, екінші жағынан өзіне артылған үлкен міндет еді. Сол күннен бастап-ақ Сандыбай өзінің алдына биік мақсат қойды, ол – ата-ана үмітін ақтау, халқына, ұлтына адал қызмет ету. Ана тілегі қабыл болып келесі жылы сол кездегі қазақтың маңдайалды университеті С. Киров атындағы ҚазМУ-ға (қазіргі әл-Фараби атындағы) оқуға түсті. Бес жыл бойы талай марғасқа ғалымдар мен абыздардан дәріс тыңдады, олардың ұлағатты әңгімелерін естіді, тәрбиесін алды. Студенттік өмірдің қызығына елікті, алғаш рет махаббаттың қызуына елітті. Бірақ әкесі Режеп бойына еккен адалдықтың адал жолынан аттап өтпеді, анасы Алмаш апамыз өсиет еткен азаматтық парызын да есінен шығармады.

Сәкең кейде бір шабыттанған шағында сол күндерін еске алып тебірене әңгімелейтіні бар. Әрине жастық шақ кімге де болса ыстық қой, бірақ мәселе сол бойда қайрат пен жігер бар кезде не бітірдің, ойыңа не тоқыдың, қандай армандарға құлаш ұрдың? Әрине Сәкең бұл сұрақтың тосқауыл бола алмасы хақ. Өйткені ол жүрген жол анасы нұсқап көрсеткен ата-бабалар жолы. Сондықтан да ол түркітану ғылымына өз қалауымен барды, соның ішінде қазақ топырағында әлі де болса ақсап жатқан қыпшақтану саласын зерттеуге білек сыбана кірісті.

Филология ғылымының докторы С. Боранбаев – ғылымдағы жолын Түркітану ғылымында дара жол салған, түркі тілдерінің білгірі және бірегейі, филология ғылымдарының докторы, профессор Әбжан Құрышжанұлының шәкірті болып бастап,

күні бүгінге дейін ғылымдағы бағыт-бағдары мен алған асуына, өмірлік ұстанымдары мен адами қағидаттарына сызат түсірмей келеді. Ғалым қаламынан туған қыпшақтану ғылымына қатысты еңбектерінің мәні мен маңызы ерекше болғандықтан, зиялы қауым назарына ерте ілікті. Сонау 2000 жылы Сандыбай «Ескі қыпшақ тіліндегі есімдерді салыстырмалы тарихи тұрғыдан зерттеу» тақырыбында кандидаттық диссертациясын қорғаған болатын. Бұл еңбек арабша-қазақша сөздік бойынша XIV ғасырдағы жәдігерліктер негізінде жазылған еді. Еңбектің құндылығы туралы кезінде көрнекті ғалым, профессор Талғат Сайранбаев «кейбір ізденушілер мен аспиранттар бір немесе екі сөздің мағынасын ашып кандидаттық қорғаса, мына жігіт мың сөздің мағынасын ашып жұмыс жасапты», – деп Сандыбай Режепұлының болашағынан өзінің көп үміт күтетіндігін айтқан болатын. Ғұлама ғалымның көрегендікпен айтқан сол сөзі расқа шықты.

Сандыбай Режепұлы 2005 жылы шыққан «Түрік және қыпшақ тілінің туыстығы туралы жинақ» жазба ескерткішінің тілі (XIII-XIV ғғ.), (транскрипциясы: Китабу Булғат әл-муштақ фи-луғати әт-Түрки ва-л-Қифджақи) еңбегінде ескерткіштер тілінің материалдары негізінде, XIII-XIV ғғ. Мысыр мен Шам өлкелерін мекендеген Мәмлүк-қыпшақтар тілінің фонетикалық, морфологиялық және лексикалық ерекшеліктеріне қазіргі қазақ тілімен қатар, жалпы қыпшақ тілдерінің өзара тарихи байланыстары тұрғысынан талдау жасап, соңында ескерткіштің фотокөшірмесін берген еді, бұл аталған ескерткіштің қазақ тілінде тұңғыш жарияланып, зерттелуі болатын.

Сәкең өзінің еңбекқорлығы мен ізденімпаздығының арқасында университетте сабақ бере жүріп, әрі кафедра басқарып, 2008 жылы Қырғызстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясы Тіл білімі институтында «Ескі қыпшақ тілі мен қазіргі қазақ тілінің сабақтастығы» деген тақырыпта докторлық диссертациясын сәтті қорғады. Ғалым еңбегінің нәтижесі бүгінде үш ғылыми монография, жүз елуден аса ғылыми мақалалардың жарық көруінен де айқын аңғарылып отыр. Ғалымның 2005 жылы «Түркі және қыпшақ тілінің туыстығы туралы жинақ» деген тақырыпта жазылған ғылыми еңбегінде орта ғасырларда Мысыр, Шам елдеріне тағдырдың тауқыметімен барған Мәмлүк қыпшақтарының тіліндегі фонетикалық, морфологиялық, лексикологиялық ерекшеліктер қазіргі қазақ және жалпы қыпшақ тілдеріндегі өзара тарихи байланыстар тұрғысынан қарастырылған. Бұл еңбек тек қазақ үшін емес, бүкіл түркі жұрты үшін қажет дүние болатын. Содан да болар Сандыбайдың ғалым ретіндегі есімін, ғылыми мәні жоғары еңбектерін отандық ғалымдар ғана емес, Қырғыз, Қарақалпақстан, Өзбекстан, Әзербайжан, Түркия, Қытай мемлекеттеріндегі ғалымдар ерекше бағалайды. Сандыбай Режепұлының еңбегінің тағы бір құнды жағы көне жәдігерімізге өз атауын қайтаруымен ерекшеленеді. Біз осы күнге дейін өзімізді отарлаушы елдердің тарихымыз бен көне жәдігерліктерімізді өз тілдеріне бейімдеп атаған атауларын сол күйінде пайдаланып келдік. Ал, Сәкең «Арабша-қыпшақша сөздік», «Түрік пен қыпшақ тілдерінің сөздігі» деген атаулармен аталған жәдігерімізге бұрынғы материалдарын оның факсимилиесімен салыстыра қарап, қолжазбаның қазақша атын «Түрік және қыпшақ тілінің туыстығы туралы жинақ» деп атаған. Түркологияға осындай термин енгізіп, оның сөздік құрамын зерттеп, талдап, ғылыми айналымға түсірген.

2007 жылы «Ескі қыпшақ сөздерінің қазақ тіліне тарихи қатыстылығы туралы» монографиясы жарық көрді. Ғалым монографиясында қыпшақ тілі мен қазіргі түркі тілдеріндегі фонологиялық өзгерістер туралы мынадай қорытынды жасайды: «Түркі тілдерінің ортағасырлық кезеңінен хабардар ететін материалдардың бір тобы – Алтын Орда дәуірінде пайда болған ескерткіштер лексикасын қазақ тілі лексикасымен

фонетикалық, лексика-семантикалық, лексика-фразеологиялық, фоно-морфологиялық салыстырулар жасап зерттеу, төмендегідей тұжырымдар жасауға мүмкіндік береді:

Тіл ғылымындағы қандай да бір фонетикалық ықпалсыз дыбыстардың өзгеріске түсу себебінің бұрыннан белгілі факторларынан бөтен «сына» дыбыстар бар екендігі, ескі қыпшақ пен оғыз және ұйғыр тілдерінде, сондай-ақ осы тілдердің қазіргі мұрагерлері болып табылатын әзірбайжан, гагауыз, түркімен, өзбек, ұйғыр тілдерінде *қ-к*, *ә-з* эпентезаларының ортағасырларда болғаны белгілі. Осының негізінде ортатүркі лексикасындағы сөздер құрамындағы *з* дыбысы, қазақ тілінде үнемдеу құбылысына байланысты емес, ана тілімізде *з* эпентезасының жоқ болуы себепті түсіп қалатындығы анықталды;

– ортағасырлық жазба ескерткіштерде қолданылған дәстүрлі орфографиядан, яғни *й* тілді ескі қыпшақ тілінің грамматикасынан ауытқып жазуда қыпшақтардың *ж* тілінің фонемаларын қолдану, ортағасыр қыпшақтарының екі тілде сөйлегендігін дәлелдейтін лингвистикалық факті. Осының негізінде ортағасыр қыпшақтары қимақ, яғни қыпшақ тілдерінде сөйлеген дейтін қорытынды жасай аламыз», – дейді.

Ескі қыпшақ тілі қазақ тілін қалыптастырушы негізгі архетип тіл болып табылатынын нақты мысалдар мен деректі материалдар арқылы дәлелдеп берді. Сондықтан да монография – тәуелсіздігіміздің тұсында түркология ғылымына қосылған қомақты еңбектердің бірі деп түсінуіміз керек.

Сандыбай тек қыпшақ тілін зерттеумен, тіл білімі ғылымымен ғана шектелмей, қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесін дамытуда да қайраткерлік көрсетіп жүрген азамат. Мұнда да ол сөзбен шектелмей, іспен көрінуде. Атап айтсақ, «Мемлекеттік тілде іс-қағаздарын жүргізу үлгілері» және «Іс-қағаздар жүргізуде жиі қолданылатын сөз тіркестері» атты әдістемелік құралдар жазып шығарды. Ғалым-ұстаз өз шәкірттерін ғылымға баулып 3 ғылым кандидатын, 27 ғылым магистрін қорғатып, 1 PhD докторының ғылыми жұмысына жетекшілік жасады. Еңбегі ескеріліп 2012, 2018 жылдары Түркияның Мұғла, Бодрум, Ескішаһар қалаларында өткен Бүкіләлемдік түркологиялық симпозиумның делегаты болды. Білім мен ғылым жолындағы табыстары үшін ҚР Білім және ғылым министрінің, бірнеше рет оқу орны басшылары мен басқа да мекемелердің алғыс хаттарымен марапатталған. ”Ыбырай Алтынсарин”, “Ғылымды дамытуға сіңірген еңбегі үшін” төсбелгілерінің иегері.

Сәкең жары Ғалия екеуі екі қыз, екі ұл тәрбиелеп отырған үлгілі отбасы. Мұндайда ғалымға «Жазар көбейсін!» деген тілек айтылса керек-ті. Ғылым әлемінде қанатың талмай самғай бер, Сәке!

Нұрғали Маханов,

*І. Кеңесбаев атындағы Жалпы орта мектептің
жоғары санатты мұғалімі
(Таукент, Қазақстан)*

КӨНЕ ЖАЗУДАН СЫР ІЗДЕП...

Ескі тәмсіл бар. Ер жігіт бала-шаға өсіріп, ағаш егіп, үй салу керек екен. Жаратушы Хақ тағала бұйрығымен, бұл – әрбір жігіттің фәни жалғанда атқаруға тиісті борышы болса керек. Ол да бала-шаға өсірді, үй салды, ағаш екті. Ол осы борышының барлығын да адал атқарды. Тек бұл емес, ол достарына да, өз кәсібіне де шексіз берілді. Адал болды. Өткен шақта «болды» деп айтып отырған себебім: оның алпыс жылдық